ПОПРАВКИ

Код МКС 13.220.10

СТ РК 1188-2003 «Извещатели пожарные тепловые. Технические требования пожарной безопасности. Методы испытаний»

В каком месте	Напечатано	Должно быть
Раздел 1	Технические требования и методы испытаний пожарных извещателей, приведенные в настоящем стандарте, являются обязательными.	-

(САС №4-2011ж.)
(ИУС № 4-2011 г.)

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЖЫЛУ СЕЗЕТІН ӨРТ ХАБАРЛАҒЫШТАРЫ

Өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары

Сынау тәсілдері

ҚР СТ 1188-2003

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің «Өрт қауіпсіздігі мен азаматтық қорғаныстың арнайы ғылыми-зерттеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналы кәсіпорыны **ӘЗІРЛЕДІ**

2 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметі департаменті **ЕНГІЗДІ**

3 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы №526 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

4 Осы стандарт МЭК-839-1-3-88 «Дабылдау жүйесі. I бөлім. Жалпы талаптары» және EN 54-2: 1989 «Автоматты өрт дабылдау жүйесінің құрам бөліктері. Бақылау және дабылдау жабдықтары» халықаралық стандарттарының техникалық талаптарына сай

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2008 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЖЫЛУ СЕЗЕТІН ӨРТ ХАБАРЛАҒЫШТАРЫ
Өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары
Сынау тәсілдері

Енгізілген күні 2003-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт автоматты өрт сөндіру қондырғылары мен өрт дабылы жүйелерінің құрамында жұмыс істеуге арналған жылу сезетін өрт хабарлағыштарына (бұдан әрі қарай мәтінде - хабарлағыштар) таралады.

Осы стандарт өрт хабарлағыштарының өрт қауіпсіздік техникалық талаптарын және оларды сынау тәсілдерін белгілейді.

Стандарт арнаулы мақсатта пайдаланылатын объектілерге арналған өрт хабарлағыштарына таратылмайды.

Осы стандартта келтірілген өрт хабарлағыштарының техникалық талаптары мен сынау тәсілдері міндетті болып табылады.

2 Нормативті сілтемелер

Осы стандартта келесі нормативтік құжаттамаларға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР СТ 1166 – 2002 Өрт техникасы. Жіктелуі. Терминдері мен анықтамалары.

ҚР СТ 1167 – 2002 Өрт автоматикасы. Жіктелуі. Терминдері мен анықтамалары.

ҚР СТ ... Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері.

ГОСТ 12997 ГСП бұйымдар. Жалпы техникалық шарттар..

ГОСТ 14254-96 (ХЭК 529-76) Сыртқы қорғану дәрежесі (код IP).

ГОСТ 28199 – 89 (МЭК 68-2-1-74) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі тәсілдері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ А: Суық.

ГОСТ 28200 – 89 (МЭК 68-2-2-74) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі тәсілдері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ В: Құрғақ жылу.

ГОСТ 28201 – 89 (МЭК 68-2-3-69) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі тәсілдері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Са: Ылғалды жылу, тұрақты режим.

ГОСТ 28203 –89 (МЭК 68-2-6-82) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі тәсілдері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Fc және жетекшілік: Вибрация (синусоидальді).

ГОСТ 28216 – 89 (МЭК 68-2-30-87) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі тәсілдері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Dd және жетекшілік: Ылғалды жылу, циклді (12+12 сағаттық цикл).

ГОСТ 28226 – 89 (МЭК 68-2-42-72) Сыртқы факторлардың әсеріне сынаудың негізгі тәсілдері. 2 бөлім. Сынақтар. Сынақ Кс: Түйісуі мен бірігуін күкірт қос тотығының әсеріне сынау.

ГОСТ 29191 – 91 (ХЭК 801-2-91) Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі. Электростатикалық разрядтарға беріктігі. Техникалық талаптары және сынау тәсілдері.

Ресми басылым

ГОСТ 30379 –95 Күзет, өрт сөндіру және күзет-өрт сөндіру дабылының техникалық құралдарының электромагниттік үйлесімділігі. Талаптары, нормалары және кедергіге беріктігі мен индустриялық радиокедергілерге сынау тәсілдері.

3 Анықтамалар мен қысқартулар

3.1 Анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1166 және ҚР СТ 1167 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары белгіленген:

3.1.1 **максимальді жылу сезетін өрт хабарлағышы** - қоршаған орта температурасы белгіленген шектеулі мәннен асқан жағдайда өрт туралы хабарды қалыптастыратын хабарлағыш (хабарлағыш іске қосылатын температураға жеткенде);

3.1.2 **саралаушы жылу сезетін өрт хабарлағышы** - қоршаған орта температурасының жоғарылау жылдамдығы белгіленген шектеулі мәннен асқан жағдайда өрт туралы хабарды қалыптастыратын хабарлағыш;

3.1.3 **максимальді-саралаушы жылу сезетін өрт хабарлағышы**: - максимальді және саралаушы жылу сезетін өрт хабарлағыштарының қызметтерін қатар атқаратын хабарлағыш;

3.1.4 **саралаушы сипатты жылу сезетін өрт хабарлағыш** - қоршаған орта температурасының жоғарылау жылдамдығына байланысты іске қосылатын хабарлағыш;

3.1.5 **ең төмен іске қосылу температурасы** – нақты бір топқа жататын хабарлағыштың іске қосылу температурасының төменгі мәні;

3.1.6 **ең жоғары іске қосылу температурасы** – нақты бір топқа жататын хабарлағыштың іске қосылу температурасының жоғарғы мәні;

3.1.7 **шартты қалыпты температура** - нақты бір топқа жататын хабарлағыштың ең төмен іске қосылу температурасынан 29^0С-қа төмен температура;

3.1.8 **ең жоғары қалыпты температура** - нақты бір топқа жататын хабарлағыштың ең төмен іске қосылу температурасынан 4^0С-қа төмен температура.

3.2 Қысқартулар

- ӨХ: Өрт хабарлағышы;
- **ӨҚТҚ**: Өрт хабарын қабылдау-тексеру құралы;
- ТҚ: Техникалық құжаттамалар.

4 Жіктелуі

4.1 ӨХ-ның жіктелуі ҚР СТ...Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері бойынша.

4.2 Оған қосымша осы стандартта жылу сезетін өрт хабарлағыштарының мынадай топтары келтірілген:

- максимальді, максимальді-саралаушы хабарлағыштар және саралаушы сипатты жылу сезетін өрт хабарлағыштары іске қосылу температурасы мен уақытына қарай он топқа бөлінеді: A1, A2, A3, B, C, D, E, F, G, H.

Ескерту

1 Саралаушы хабарлағыштар R1 тобына жатады.

2 Осы стандарттың 5.1.6 талаптарын қанағаттандыратын саралаушы сипатты хабарлағыштарға қосымша R индексі беріледі.

5 Өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары

5.1 Арналу талаптары

5.1.1 Хабарлағыштар осы стандарттың талаптарына және хабарлағыштың нақты түріне арналған, белгіленген тәртіппен бекітілген ТШ-ға сәйкес болуы тиіс.

5.1.2 Максимальді, максимальді-саралаушы және саралаушы сипатты хабарлағыштардың іске қосылу температурасы хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленуі тиіс және А қосымшасының А1 кестесін сәйкес осы топтарға арналған шамада болуы тиіс.

Ескерту – Іске қосылу температурасы 160^0С-тан жоғары хабарлағыштар Н тобына жатады. Іске қосылу температурасының рұқсат етілетін шегі 10% аспауы тиіс.

5.1.3 Қалыпты температура жоғарылағанда максимальді хабарлағыштардың іске қосылу уақыты А қосымшасының А2 кестесіне сәйкес хабарлағыштар тобына арналған шамада болуы тиіс.

5.1.4 Қалыпты температура жоғарылаған жағдайда саралаушы сипатты хабарлағыштардың іске қосылу уақыты А қосымшасының А3 кестесіне сәйкес хабарлағыштар тобына арналған шамада болуы тиіс.

5.1.5 R1 тобына жататын саралаушы, максимальді-саралаушы хабарлағыштардың іске қосылу уақыты температура 25^0С-тан жоғарылаған жағдайда А қосымшасының А4 кестесіне сәйкес шамада болуы тиіс.

5.1.6 R тобына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштар осы стандарттың 5.1.4. талаптарына сәйкес және қоршаған орта температурасы А қосымшасының А.5.1 кестесінде келтірілген бастапқы температурадан жоғарылағанда А5 кестесінде көрсетілген іске қосылу уақытын қамтамасыз етуі тиіс.

5.1.7 Ауа ағынының бағытына қарай кез-келген жағдайда орналасқан хабарлағыштың іске қосылу уақыты А қосымшасының А.2 – А.5 кестелерінде көрсетілген шамада болуы тиіс.

5.1.8 Хабарлағыштар қалпына келетін бұйым болуы және әрбір үлгіні сертификациялық, мерзімдік, қабылдау-өткізу сынақтарынан өткізу кезінде және басқа сынақтарда, тексеріп енгізуде барлық нормалық техникалық сипаттамалардың тексерілуін, сондай-ақ пайдалану процесінде жұмыс істеуін тексеруді қамтамасыз етуі тиіс.

5.1.9 Хабарлағыштардың электрлік сипаттамалары (кезекші және дабыл хабарлауы режимдеріндегі кернеу мен ток) хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленеді. Сипаттамалары хабарлағышпен бірге қолданылатын ӨҚТҚ өрт сигнал сүйреткілерінің электрлік сипаттамаларына сәйкес болуы тиіс.

5.1.10 Оқшаулаудың электрлік беріктігінің мәні ГОСТ 12997 сәйкес және хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленуі тиіс.

5.1.11 Оқшаулаудың электрлік кедергісінің мәні ГОСТ 12997 сәйкес және хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленуі тиіс.

5.1.12 Хабарлағыштар тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істеуге арналуы тиіс.

5.2 Сенімділік талаптары

5.2.1 Сенімділік талаптары ҚР СТ...Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері бойынша.

5.3 Электромагнитті үйлесімділікке қойылатын талаптар

5.3.1 Хабарлағыштар олардың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленген ауқымдағы ток кернеуі минус 15-тен плюс 10 % номиналды мағынаға дейін өзгергенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.

5.3.2 Тоқ тізбегіндегі электр серпіндері әсер еткенде хабарлағыштар жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 30379 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық шарттар анықтайды.

5.3.3 Хабарлағыштар электростатикалық разрядтар әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 29191 сәйкес ӨХ нақты түріне арналған техникалық шарттар анықтайды.

5.3.4 Хабарлағыштар электромагниттік кеңістік әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 30379 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған техникалық шарттар анықтайды.

5.3.5 Хабарлағыштарды пайдаланған кезде қалыптасатын радиокедергілер кеңістігінің кернеулік мәні ГОСТ 30379 белгіленген мәндерден аспауы тиіс.

5.4 Сыртқы әсерлер факторларына беріктігіне қойылатын талаптар

5.4.1 Хабарлағыштар әр топқа арналған ең жоғары қалыпты температурамен бірдей қоршаған ортаның жоғары температурасы әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс.

Ескерту – Саралаушы хабарлағыштар үшін – плюс 55^0С-тан төмен болмауы тиіс.

5.4.2 Хабарлағыштар қоршаған ортада жоғары температура әсер еткеннен кейін жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 28200 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды, бірақ хабарлағыштың әр тобына арналған ең жоғары іске қосылу температурасынан төмен болмауы тиіс.

Ескерту – Саралаушы және А1, А2 тобының хабарлағыштары үшін – плюс 55^0С-тан төмен болмауы тиіс.

5.4.3 Хабарлағыштар қоршаған ортада төмен температура әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 28199 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды, бірақ минус 10^0С-тан көп болмауы тиіс.

5.4.4 Хабарлағыштар қоршаған ортада төмен температура әсер еткеннен кейін жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 28199 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды, бірақ минус 30^0С-тан көп болмауы тиіс.

5.4.5 Хабарлағыштар ылғалды жылу (тұрақты режим) әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 28201 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды.

5.4.6 Хабарлағыштар ылғалды жылу (тұрақты режим) әсер еткеннен кейін жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 28201 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды.

5.4.7 Хабарлағыштар ылғалды жылу (циклдік процесс, цикл 12с+12с) әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауы тиіс. Әсер ету қаттылығы деңгейінің мәнін ГОСТ 28216 сәйкес хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды.

5.4.8 Хабарлағыштар жартылай синусоидальді дара соққы серпінінің әсеріне берік болуы тиіс. Серпіннің ұзақтығы мен үдету шегі ГОСТ 12997 сәйкес болуы және хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықталуы тиіс.

5.4.9 Хабарлағыштар 10-нан 150 Гц-ке дейінгі жиілік ауқымында 4,905 м/с^2 (0,5·g) үдейтін синусоидальді вибрация әсеріне берік болуы тиіс.

5.4.10 Хабарлағыштар 10-нан 150 Гц-ке дейінгі жиілік ауқымында 9,81 м/с^2 (1·g) үдейтін синусоидальді вибрация әсеріне шыдамды болуы тиіс.

5.4.11 Хабарлағыштар күші 1,9 Дж. механикалық соққының тікелей әсеріне берік болуы тиіс.

5.4.12 Агрессиялы ортасы бар ғимараттарда пайдалануға арналған хабарлағыштар оның әсеріне берік болуы тиіс.

5.5 Құрылымына қойылатын талаптар

5.5.1 Құрылымына қойылатын талаптар ҚР СТ...Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері бойынша.

Ескерту - B, C, D, E, F, G, H топтарына жататын және ұшқынға қауіпсіз тізбектерде жұмыс істейтін хабарлағыштарға қойылатын ҚР СТ... (Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері) 5.6.1 талаптары – ұсынылмалы болып табылады.

5.5.2 Хабарлағыштың құрылымы оны құратын жерден 15 мм-ден кем болмайтын қашықтықта жылусезгіш элементті орналастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

5.5.3 Хабарлағыштың сыртқы қорғану дәрежесі ГОСТ 14254 бойынша анықталады.

5.6 Таңбалау

5.6.1 Таңбалауға қойылатын талаптар ҚР СТ...Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері бойынша.

5.6.2 Хабарлағыштың корпусында оның тобы көрсетілуі тиіс.

5.7 Жинақталынуына, оралуына, қауіпсіздік талаптарына және электр энергиясын үнемді пайдалануға қойылатын талаптар ҚР СТ...Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдеріне сәйкес болуы тиіс.

6 Сынау тәсілдері

6.1 Жалпы ережелері

6.1.1 Хабарлағыштар мынадай сынақ түрлерінен өткізіледі:

- қабылдау-тексеру;
- мерзімдік;
- типтік;
- сертификациялық;
- біліктілік.

6.1.2 Қабылдау-тексеру сынағының көлемін хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды.

6.1.3 Мерзімдік сынақтың көлемін және сыналатын хабарлағыштардың мөлшерін хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықтайды.

6.1.4 Сертификациялық сынақтың ауқымы және бірізділігі Б қосымшасының Б.1 кестесіндегі деректерге сәйкес болуы тиіс.

6.1.5 Егер сынау тәсілінде өзгедей талаптар көзделмесе, сынақ кезінде параметрлерін өлшеу дәлдігінің қателігі 5 %-тен аспауы тиіс. Температураны өлшеу дәлдігінің қателігі $\pm 3^0$С-тан аспауы тиіс.

6.1.6 Хабарлағышты ӨҚТҚ-на немесе оны алмастырғыш аспапқа қосу дайындаушы - кәсіпорынның нұсқаулығына сәйкес жүргізілуі тиіс.

6.1.7 Сынақтарды температурасы 15-тен 30^0С-қа дейін, салыстырмалы ылғалдылығы 45-тен 75%-ке дейін және атмосфералық қысымы 86-дан 106кПа-ға дейінгі қалыпты жағдайларда жүргізеді.

6.1.8 Арналу талаптарына сәйкестігін сынау В қосымшасында сипатталған жылу камерасында жүргізіледі.

6.1.9 Сынақ жүргізу процесінде ауа ағынының жылдамдығы 0,8 м/с.

6.1.10 Саралаушы хабарлағыштар үшін шартты қалыпты температура 25^0С, ал ең жоғары қалыпты температурасы - хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ анықталған жұмыс температурасы, бірақ 55^0С төмен болмауы тиіс.

6.2 Сынақ жүргізу тәртібі

6.2.1 Ауа ағынының бағытына қарай әрқилы жағдайда орналасқан хабарлағыштың іске қосылу уақытын анықтау (5.1.7 т.).

Сынақты жылу камерасына хабарлағышты ауа ағынының бағытына қарай бір-бірінен хабарлағыштың тік осінен 45^0 бұрышқа өзгешеленетін сегіз түрлі жағдайда қойып жүргізеді.

Хабарлағышты жылу камерасына орналастырады және хабарлағыштың осы тобына арналған А қосымшасының А1 кестесінде көрсетілген шартты қалыпты температурада оның температурасы тұрақтанғанша ұстайды, бірақ 5 мин. кем болмауы тиіс.

Камерада ауа ағыны температурасының жоғарылау жылдамдығы 10^0С/мин құрайды және онымен біруақытта секундомерді қосады. Хабарлағыш іске қосылған сәтте секундомер бойынша уақытты белгілейді.

Хабарлағыштың ең жоғары және ең төмен іске қосылу мәніне сәйкесетін орналасу жағдайын белгілейді.

Егер ауа ағынының бағытына қарай әрқилы жағдайда орналасқан хабарлағыштың іске қосылу уақыты А қосымшасының А2 - А4 кестелеріне сәйкес хабарлағыштың осы тобына арналған уақыттың ең жоғары және ең төмен мәндерінің шегінде болса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.2 Хабарлағыштың іске қосылу температурасын анықтау (5.1.2 т).

Хабарлағыштарды кезекпен жылу камерасына орналастырады және хабарлағыштың осы тобына арналған А қосымшасының А1 кестесінде көрсетілген шартты қалыпты температурада оның температурасы тұрақтанғанша ұстайды, бірақ 5 мин. кем болмауы тиіс.

Жылу камерасының температурасын шартты қалыпты температурадан 1 кестеде көрсетілген хабарлағыштың осы тобына арналған ең жоғары қалыпты температураға дейін 1^0С/мин. жылдамдықпен жоғарылатады. Бұдан әрі температураны $0,2^0$С/мин үдеу жылдамдығымен жоғарылатуды жалғастыра береді. Әр хабарлағыштың іске қосылу температурасын белгілейді.

Егер тіркелген іске қосылу температурасының мәндері А қосымшасының А1 кестесінде көрсетілген хабарлағыштың осы тобына арналған температураның ең жоғары және ең төмен мәндерінің шегінде болса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.3 Температура әртүрлі жылдамдықта жоғарылағанда хабарлағыштың іске қосылу уақытын анықтау (5.1.3 –5.1.6 т.т).

Хабарлағыштарды жылу камерасына орналастырады: бірінші хабарлағышты – хабарлағыштың ең жоғары іске қосылу температурасына сәйкесетін ауа ағынына қарай, екіншісін - ең төмен іске қосылу температурасына сәйкесетін жағдайда орналастырады. Хабарлағыштарды А қосымшасының А1 кестесінде көрсетілген олардың осы тобына арналған шартты қалыпты температурада (R индексті саралаушы сипатты хабарлағыштар үшін – А қосымшасының А5.1 кестесіне сәйкес хабарлағыштың осы тобына арналған бастапқы температура) оның температурасы тұрақтанғанша ұстайды, бірақ 5 мин. кем болмауы тиіс.

Камерада ауа ағыны температурасын талап етілетін үдеу жылдамдығымен жоғарылатады және онымен біруақытта секундомерді қосады. Хабарлағыш іске қосылған сәтте секундомер бойынша уақытты белгілейді.

Хабарлағыштың іске қосылу уақытын хабарлағыштың осы тобына арналған А қосымшасының А.2 – А.5 кестелеріне сәйкесетін температураның жоғарылау жылдамдығы бойынша анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты (А қосымшасының А.2 – А.5 кестелері) температураның жоғарылау жылдамдығына сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту – Сертификациялық сынақ кезінде максимальді хабарлағыштардың іске қосылу уақытын температураны 3 және 30^0С/мин жылдамдықпен, максимальді-саралаушы және саралаушы сипатты хабарлағыштарды –10 және 30^0С/мин жылдамдықпен жоғарылата отырып анықтайды.

6.2.4 Т Сыртқы әсерлерге беріктігіне сынаудан бұрын хабарлағыштың іске қосылу уақытын анықтау (5.1.3 –5.1.5 т.т)

Хабарлағыштарды кезекпен жылу камерасына ең жоғары іске қосылу уақытына сәйкесетін ауа ағынына қарай орналастырады. Хабарлағыштарды А қосымшасының А1 кестесінде көрсетілген олардың осы тобына арналған шартты қалыпты температурада оның температурасы тұрақтанғанша ұстайды, бірақ 5 мин. кем болмауы тиіс.

Камерада ауа ағыны температурасын талап етілетін үдеу жылдамдығымен жоғарылатады және онымен біруақытта секундомерді қосады. Хабарлағыш іске қосылған сәтте секундомер бойынша уақытты белгілейді. Максимальді хабарлағыштарды температураны 3 және 20^0С/мин жылдамдықпен, максимальді-саралаушы және саралаушы сипатты хабарлағыштарды – 5 және 20^0С/мин жылдамдықпен жоғарылата отырып сынайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты (А қосымшасының А.2 – А.4 кестелері) температураның жоғарылау жылдамдығына сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.5 Тоқ кернеуінің өзгеруі. Беріктік (5.3.1 т.)

Тоқ кернеуі өзгергенде хабарлағыштың іске қосылу уақытын хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ белгіленген тоқ кернеуінің ең төмен және ең жоғары мәндері бойынша осы стандарттың 6.2.4 мазмұндалған тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.4 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мәлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту – Хабарлағыштардың ТШ-да ең төмен және ең жоғары тоқ кернеуі туралы деректер болмаған жағдайда сынақты осы стандарттың 5.3.1 тармағына сәйкес тоқ кернеуімен жүргізеді.

6.2.6 Құрғақ жылу. Беріктік (5.4.1 т.)

Сынақты хабарлағыштардың қоршаған ортада жоғары температура әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауын және келешекте температураның жоғарылауы жалғаса берсе “Өрт” хабарын беруін анықтау мақсатында жүргізеді.

Хабарлағышты жылу камерасына оның ең жоғары іске қосылу уақытына сәйкесетін ауа ағынына қарай орналастырады. Сынақ процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Хабарлағышты оның осы тобына сәйкесетін шартты қалыпты температурада температурасы тұрақтанғанша ұстайды, бірақ 5 мин. кем болмауы тиіс.

Камераның температурасын ең жоғары қалыпты температураға дейін 1^0С/мин. жылдамдықпен жоғарылатады. Хабарлағышты ең жоғары қалыпты температурада екі сағат бойы ұстайды. Осының өзінде хабарлағыш “Ақау” немесе “Өрт” дабылын бермеуі тиіс. Келешекте температураны 20^0С/мин жылдамдықпен жоғарылатуды жалғастыра береді, осымен біруақытта секундомерді қосады. Хабарлағыш іске қосылған сәтте секундомер бойынша уақытты белгілейді.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты оның осы тобына арналған уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің аумағында болса сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту – Хабарлағыштың А.1 тобы үшін іске қосылу уақыты 12-ден 140 секундқа дейін. Хабарлағыштың басқа топтары үшін іске қосылу уақыты 12-ден 193 секундқа дейін.

6.2.7 Суық. Беріктік (5.4.3 т.)

Сынақты хабарлағыштардың қоршаған ортада төмен температура әсер еткенде жұмыс қабілеттілігін сақтауын анықтау мақсатында жүргізеді

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28199 сәйкес болуы тиіс. Температураны ақырындап өзгертеді.

Сынақтың басынан соңына дейін хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- температура хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ белгіленген шамада, бірақ минус 10^0С-тан жоғары болмауы тиіс;

- әсер ету ұзақтығы – екі сағат.

Сынау процесінде хабарлағыш "Өрт" немесе "Ақау" дабылын бермеуі тиіс.

Суық әсер еткеннен кейін хабарлағышты қалыпты температурада екі сағат ұстайды. Сонан соң хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5. кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.8 Дара соққы. Беріктік (5.4.8 т.)

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 12997 сәйкес болуы тиіс. Соққы серпіні – жартылай синусоидальді.

Сынау процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- үдету шегі хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ белгіленген шамада;

- серпіннің әсер ету ұзақтығы хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ белгіленген шамада;

- бағыттарының мөлшері – 6;

- әр бағыттағы соққы мөлшері – 3.

Сынау процесінде хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс.

Соққыдан кейін хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

Ескерту – ТШ-да үдету шегі мен соққы серпінінің әсер ету ұзақтығы туралы деректер болмаса сынақты 150 м/с^2 (15g) үдету шегінде және 16 мс соққы серпінінің әсер ету ұзақтығында жүргізеді.

6.2.9 Тікелей механикалық соққы. Беріктік (5.4.11 т.)

Сынау жабдығы мен тәсілі ҚР СТ...Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- соққы күші – (1,9 ± 0,1) Дж;

- соққы мөлшері – 1;

- соққы кезіндегі балға қозғалысының жылдамдығы – (1,500 ± 0,125) м/с.

Сынау процесінде хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс.

Соққыдан кейін хабарлағышта механикалық зақымдалудың жоқтығын қарап тексереді. Сонан соң хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер механикалық зақымдалу болмаса, хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.10 Синусоидальді вибрация. Беріктік (5.4.9 т.)

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28203 сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Хабарлағышқа өзара перпендикулярлы үш осьтен вибрация әсерін тигізеді, оның біреуі хабарлағышты бекітетін жазықтыққа перпендикулярлы болады.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- жиілік ауқымы – 10-нан 150 Гц-ке дейін;
- үдету амплитудасы – 4,905 м/с^2 (0,5· g);
- осьтерінің мөлшері – 3;
- осьтегі циклдердің мөлшері – 1;
- жиілігін алмастыру жылдамдығы – 1 октава/мин.

Сынау процесінде хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс

Вибрация әсер еткеннен кейін хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.11 Синусоидальді вибрация. Шыдамдылық (5.4.10 т.)

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28203 сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Хабарлағышқа өзара перпендикулярлы үш осьтен вибрация әсерін тигізеді, оның біреуі хабарлағышты бекітетін жазықтыққа перпендикулярлы болады.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- жиілік ауқымы – 10-нан 150 Гц-ке дейін;
- үдету амплитудасы – 9,81 м/с^2 (1,0· g);
- осьтерінің мөлшері – 3;
- осьтегі циклдердің мөлшері – 20;
- жиілігін алмастыру жылдамдығы – 1 октава/мин.

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты ӨҚТҚ-на немесе оны алмастыратын аспапқа қосады. Хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс. Хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы нормалардың 5.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.12 Электромагниттік үйлесімділік (5.3 т.)

Сынақ хабарлағыштардың тоқ тізбегіндегі наносекундтық электр серпіндері, электростатикалық разрядтар және электромагниттік кеңістік әсерлеріне шыдамдылығын анықтау, сондай-ақ хабарлағыштар қалыптастыратын радиокедергілер кеңістігінің кернеуін өлшеу мақсатында жасалады.

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 30379 сәйкес болуы тиіс. Сынақты хабарлағыштың кезекші және дабыл режимдерінде жүргізеді.

Хабарлағыштардың тоқ тізбегіндегі наносекундтық электр серпіндері, электростатикалық разрядтар және электромагниттік кеңістік әсерлеріне шыдамдылығын сынаудың қаттылық деңгейі хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-ға сәйкес болуы тиіс. Хабарлағыш кезекші режимде сынау кезінде "Өрт" немесе "Ақау" дабылын бермеуі және дабыл хабарын беру режимінде сынау кезінде кезекші режиміне қайта оралмауы

тиіс.

Кезекші және дабыл режимдерінде хабарлағыштар қалыптастыратын радиокедергілер кеңістігінің кернеуі ГОСТ 30379 белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

Ескерту

1. ТШ-да қаттылық деңгейі туралы деректер болмаса ГОСТ бойынша 2-ші қаттылық деңгейіне сәйкестігін сынайды.

2. Әрекетсіз хабарлағыштарды сынау кезінде радиокедергілер кеңістігінің кернеуін өлшемейді.

6.2.13 Ылғалды жылу, циклдік (12+12 сағаттық цикл). Беріктік (5.4.7)

Сынақты ауаның салыстырмалы ылғалдылығы артқанда және хабарлағыштың бөліктері ылғалданғанда жұмыс істеу қабілеттілігін анықтау мақсатында жүргізеді.

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28216 сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- Циклдің 1-ші жартысы: температурасы $(40\pm2)^0$С; салыстырмалы ылғалдылығы (93±3)%;

- Циклдің 2-ші жартысы: температурасы $(25\pm2)^0$С; салыстырмалы ылғалдылығы 95%-тен көп.

- ұзақтығы – екі цикл.

Сынау процесінде хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс.

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты қалыпты жағдайда екі сағат ұстайды, сонан соң оның іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.14 Ылғалды жылу, тұрақты режим. Беріктік (5.4.5 т.)

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28201 сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш қосылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- температурасы $(40\pm2)^0$С;

- салыстырмалы ылғалдылық (93±1) %;

- ұзақтығы – екі тәулік.

Сынау процесінде хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс.

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты қалыпты жағдайда екі сағат ұстайды, сонан соң оның іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.15 Ылғалды жылу, тұрақты режим. Шыдамдылық (5.4.6 т.)

Сынақты ауаның салыстырмалы жоғары ылғалдылығының ұзақ әсеріне хабарлағыштың шыдамдылығын анықтау мақсатында жүргізеді.

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28201 сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш ажыратылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- температурасы $(40\pm2)^0$С;

- салыстырмалы ылғалдылық (93±1) %;

- ұзақтығы – 21 тәулік (біліктілік, мерзімдік және типтік сынақтар үшін белгіленген).

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты қалыпты жағдайда екі сағат ұстайды, сонан соң хабарлағышты ӨҚТҚ-на немесе оны алмастыратын аспапқа қосады. Хабарлағыш "Ақау" немесе "Өрт" дабылын бермеуі тиіс. Сонан кейін хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.16 Оқшаулаудың электрлік беріктігі (5.1.10 т.)

Оқшаулаудың электрлік беріктігін қалыпты жағдайда ГОСТ 12997 сәйкес тексереді. Хабарлағышты немесе хабарлағыш қосылған розетканы олардың бекіткіш құрылғыларының көмегімен тұйықталған металл табақшаға орнатады. Барлық сыртқы (хабарлағыштан шығарылатын) өткізгіштерді өзара жалғастырады. Хабарлағыш корпусының тұйықталуы (болған жағдайда) алынып тасталуы тиіс.

Сынау үшін амплитудасы 0-ден 1500 В-ке дейін өзгеретін 40-тан 60 Гц-ке дейінгі жиілікте синусоидальді кернеуді қамтамасыз ететін генераторды қолданады. Генератордың ортақ сымын металл табақшаға, ал генератордың шыға берісін – хабарлағыштың өзара жалғасқан сыртқы өткізгіштеріне жалғастырады.

Сынақты былай жүргізеді:

- номинальді тоқ кернеуі 60 В аз хабарлағыштар үшін генератордың кернеуін 0-ден 500 В дейін (300±20) В/с жылдамдықпен көбейтеді және (60±5) с бойы ұстап тұрады;
- номинальді тоқ кернеуі 60 В көп хабарлағыштар үшін генератордың кернеуін 0-ден 1500 В дейін (300±20) В/с жылдамдықпен көбейтеді және (60±5) с бойы ұстап тұрады.

Егер сынау процесінде беттік разряд пайда болмаса және оқшаулау тесілмесе хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

6.2.17 Оқшаулаудың электрлік кедергісі (5.1.11 т.)

Оқшаулаудың электрлік кедергісін қалыпты жағдайда ГОСТ 12997 сәйкес 6.2.16 сынағы бітісімен тексереді. Хабарлағышты немесе хабарлағыш қосылған розетканы олардың бекіткіш құрылғыларының көмегімен тұйықталған металл табақшаға орнатады. Барлық сыртқы (хабарлағыштан шығарылатын) өткізгіштерді өзара жалғастырады. Хабарлағыш корпусының тұйықталуы (болған жағдайда) алынып тасталуы тиіс.

Оқшаулаудың кедергісін 100+250 тұрақты өлшеуіш кернеуі қойылған соң кем дегенде 60 с кейін өлшейді. Өлшеуіш кернеуі металл табақша мен хабарлағыштың өзара жалғасқан сымдары арасына қойылады.

Егер өлшеулі оқшаулау кедергісі 20 Мом кем болмаса хабарлағыш сынақтан өтті деп саналады.

6.2.18 Құрғақ жылу. Шыдамдылық (5.4.2 т.)

Сынақ жоғары температураның ұзақ уақыт әсер ету салдарынан хабарлағыштың тозып кетуге шыдамдылығын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28200 сәйкес болуы тиіс.

Сынау процесінде хабарлағыш ажыратылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- температура хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-қа сәйкес, бірақ хабарлағыштың осы тобына арналған ең жоғары қалыпты температурадан төмен емес;
- сынақтың ұзақтығы 42 тәулік (біліктілік, мерзімдік және типтік сынақтар үшін белгіленген).

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты қалыпты жағдайда екі сағат ұстайды, сонан соң оны ӨҚТҚ-на немесе оны алмастыратын аспапқа қосады. Хабарлағыш "Ақау" немесе

“Өрт” дабылын бермеуі тиіс. Сонан кейін хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.19 Суық. Шыдамдылық (5.4.4 т.)

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28199 сәйкес болуы тиіс. Сынау процесінде хабарлағыш ажыратылып тұруы тиіс.

Мынадай қаттылық деңгейі қолданылады:

- температура хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-қа сәйкес, бірақ минус 30^0С-тан жоғары емес;

- ұзақтығы - екі тәулік (біліктілік, мерзімдік және типтік сынақтар үшін белгіленген).

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты қалыпты жағдайда екі сағат ұстайды, сонан соң оны ӨҚТҚ-на немесе оны алмастыратын аспапқа қосады. Хабарлағыш “Ақау” немесе “Өрт” дабылын бермеуі тиіс. Сонан кейін хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.20 Күкірт қос тотығымен тоттану. Шыдамдылық (5.4.12)

Сынақ агрессиялы ортасы бар ғимараттарда пайдалануға арналған хабарлағыштарға жасалады.

Сынау жабдығы мен тәсілі ГОСТ 28226 сәйкес болуы тиіс.

Сынау процесінде хабарлағыш ажыратылып тұруы тиіс, дегенмен сынақ біткеннен кейін жаңадан жалғастырмай-ақ хабарлағышты қосуға мүмкіндік беретін барлық өткізгіштер қалайыланбаған мыс сымдардан жасалуы тиіс.

Сынақтың ұзақтығы - 21 тәулік (біліктілік, мерзімдік және типтік сынақтар үшін белгіленген).

Сынақ кезінде хабарлағыштың сыртқы бетінде шық түсу температурасынан жоғары температураны ұстап тұрады. Бірақ гигроскопиялық материалдардың болуы және хабарлағыштың сыртқы бетінде тоттану өнімдерінің қалыптасуы конденсаттың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.

Сынақ біткеннен кейін хабарлағышты қалыпты жағдайда екі сағат ұстайды, сонан соң оны ӨҚТҚ-на немесе оны алмастыратын аспапқа қосады. Хабарлағыш “Ақау” немесе “Өрт” дабылын бермеуі тиіс. Сонан кейін хабарлағыштың іске қосылу уақытын осы стандарттың 6.2.4 көрсетілген тәсілмен анықтайды.

Егер хабарлағыштың іске қосылу уақыты температураның жоғарылау жылдамдығына (А қосымшасының А.2 – А.5.1 кестелері) сәйкесетін уақыттың ең төмен және ең жоғары мәндерінің шегінде болса және осы хабарлағышты 6.2.4 тармаққа сәйкес тәсілмен сынағанда анықталған бастапқы мөлшерден өзгешелігі 25%-тен аспаса сынақтан өтті деп саналады.

6.2.21 Хабарлағыштарды 6.21 – 6.2.20 талаптарына сәйкестігіне сынаудың бірізділігі мен тәсілі хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленуі тиіс.

А қосымшасы
(міндетті)

Өрт хабарлағыштарының техникалық сипаттамасы

А.1 кестесі **Максимальді, максимальді-саралаушы және саралаушы сипатты хабарлағыштардың іске қосылу температурасы**

Хабарлағыштың тобы	Ортаның температурасы, °С		Іске қосылу температурасы , °С	
	Шартты қалыпты	Ең жоғары қалыпты	ең төмен	ең жоғары
A1	25	50	54	65
A2	25	50	54	70
A3	35	60	64	76
B	40	65	69	85
C	55	80	84	100
D	70	95	99	115
E	85	110	114	130
F	100	125	129	145
G	115	140	144	160
H	Хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленеді			

А.2 кестесі **Максимальді хабарлағыштардың температура жоғарылағанда іске қосылу уақыты**

Температураның жоғарылау жылдамдығы, °С/мин	Іске қосылу уақыты, с	
	ең төмен	ең жоғары
А.1 тобына жататын максимальді хабарлағыштар		
1	1740	2420
3	580	820
5	348	500
10	174	260
20	87	140
30	58	100
A2, A3, B, C, D, E, F, G, H топтарына жататын максимальді хабарлағыштар		
1	1740	2760
3	580	960
5	348	600
10	174	329
20	87	192
30	58	144

А.3 кестесі **Саралаушы сипатты хабарлағыштардың температура жоғарылағанда іске қосылу уақыты**

Температураның жоғарылау жылдамдығы, °С/мин	Іске қосылу уақыты, с	
	ең төмен	ең төмен
А.1 тобына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштар		
1	1740	2420
3	433	820
5	249	500
10	60	260
20	30	140
30	20	100
А2, А3, В, С, D, E, F, G, H топтарына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштар		
1	1740	2760
3	433	960
5	249	600
10	60	329
20	30	192
30	20	144

А.4 кестесі **R1 тобына жататын саралаушы және максимальді саралаушы хабарлағыштардың іске қосылу уақыты**

Температураның жоғарылау жылдамдығы, °С/мин	Іске қосылу уақыты, с	
	ең төмен	ең төмен
5	120	500
10	60	242
20	30	90
30	20	60

А.5 кестесі **R тобына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштардың қоршаған орта температурасының жоғарылауына байланысты іске қосылу уақыты**

Температураның жоғарылау жылдамдығы, °С/мин	Іске қосылу уақыты, с	
	ең төмен	ең төмен
А.1 R тобына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштар		
10	60	260
20	30	140
30	20	100
A1R, A2R, A3R, BR, CR, DR, ER, FR, GR, HR топтарына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштар		
10	60	329
20	30	192
30	20	144

А.5.1 кестесі **R тобына жататын саралаушы сипатты хабарлағыштардың бастапқы температурасының мәні**

Хабарлағыштың тобы	Бастапқы температурасы, °С
A1R	5±2
A2R	5±2
A3R	15±3
BR	20±3
CR	35±3
DR	50±3
ER	65±3
FR	80±3
GR	95±3
HR	Хабарлағыштың нақты түріне арналған ТШ-да белгіленеді

Б қосымшасы
(міндетті)

Б.1 кестесі **Өрт хабарлағыштарын сертификациялық сынақтан өткізудің ауқымы мен бірізділігі**

Тексерілетін көрсеткіш	Осы стандарттың тармақтары		Хабарлағыш үлгісінің нөмірі					
	Техникалық талаптары	Сынау тәсілі	1	2	3	4	5	6
Ауа ағынына қарай әрқилы жағдайда орналасқан хабарлағыштардың іске қосылу уақыты	5.1.7	6.2.1	+	–	–	–	–	–
Іске қосылу температурасы	5.1.2	6.2.2	+	+	+	+	+	+
Температура әртүрлі жылдамдықпен жоғарылағанда іске қосылу уақыты	5.1.3 - 5.1.6	6.2.3	+	+	–	–	–	–
Сыртқы әсерлерге сынау алдындағы іске қосылу уақыты	5.1.3 - 5.1.5	6.2.4	–	+	+	+	+	+
Ток кернеуінің өзгеруі. Беріктік	5.3.1	6.2.5	–	–	–	–	–	+
Құрғақ жылу. Беріктік	5.4.1	6.2.6	–	+	–	–	–	–
Суық. Беріктік	5.4.3	6.2.7	–	+	–	–	–	–
Тікелей механикалық соққы. Беріктік	5.4.11	6.2.9	–	–	+	–	–	–
Синусоидальді вибрация. Беріктік	5.4.9	6.2.10	–	–	–	–	–	+
Электромагниттік үйлесімділік	5.3	6.2.12	–	–	+	–	–	–
Ылғалды жылу, тұрақты режим. Беріктік	5.4.5	6.2.14	–	–	–	+	–	–
Оқшаулаудың электрлік шыдамдылығы	5.1.10	6.2.16	–	–	–	+	–	–
Оқшаулаудың электрлік кедергісі	5.1.11	6.2.17	–	–	–	+	–	–
Өрт қауіпсіздігі	ҚР СТ ... Өрт хабарлағыштары. Жіктелуі. Жалпы техникалық талаптары. Сынау тәсілдері бойынша		–	–	–	–	+	–
Ескерту – Кездейсоқ таңдама тәсілімен сынау үшін алты хабарлағыш таңдап алынады.								

В қосымшасы
(ұсынылатын)

Хабарлағыштардың іске қосылу уақыты мен температурасын өлшеуге арналған жылу камерасының сипаттамасы және құрылымдық схемасы

Жылу камерасы көлденең қиылысы төрт бұрышты немесе тік төртбұрышты болатын көлбеу жұмыс секциясы бар тұйық аэродинамикалық құбырдан тұруы тиіс. Осының өзінде құбырдың ішінде 25^0С температурада (0,8±0,1) м/с ауа ағыны жылдамдығына эквивалентті салмақ шығын сақтай отыра 0,2-ден 30^0С/мин.-ке дейінгі жылдамдықпен жоғарылайтын ыстық ауа ағынын құру мүмкіндігі қаралуы тиіс. Сыналатын хабарлағышқа жақын ауа ағынына қабырғалар әсер етпеуі үшін жұмыс секциясының көлденең қиылысы (305х305) мм кем болмауы тиіс. Камера қыздырғыштың жылу сәулелері хабарлағышқа тікелей әсер етпейтіндей құрастырылуы тиіс. Камерадағы температура 5 – 160^0С шегінде реттеліп отырылуы тиіс.

Сынақ камерасы құрылымының ұсынылмалы үлгісі В.1 суретте көрсетілген.

Жұмыс секциясының "төбесін" қалыптастыратын жазықтыққа сыналатын хабарлағышты жұмыс істеу қалпында орналастырады. Жазықтық жұмыс секциясының бүйір қабырғаларына симметриялы орналасуы тиіс және хабарлағышты тік осінен 360^0С-қа бұруға мүмкіндік беретін бұрамалы құрылғысы болуы тиіс

Бақылау және тексеру құралдары температураның, оны жоғарылату жылдамдығының, сондай-ақ сыналатын хабарлағышқа тікелей жақын ауа ағыны жылдамдығының қажетті мәндерін қамтамасыз етуі тиіс.



В.1 сурет - Сынақ камерасы құрылымының схемасы

1 – қозғалтқышы бар желдеткіш;

2 – сыналатын хабарлағышты орналастыратын әйнектен жасалған терезесі бар бөліктің қақпағы;

3 – сыналатын хабарлағышты орналастыратын бұрамалы құрылғысы бар жазықтық;

4 – сыналатын хабарлағыш;

5 – температураны және ауа ағынының жылдамдығын өлшеуіштер;

6 – ауа ағынының бағыты;
7 – линеаризатор;
8 – төмен температурада сынауға арналған суытқыш агрегатты орнататын қақпақ;
9 – қыздырғыштың бөлігі;
10 – ауа ағынының жылдамдығын реттеуіш;
11 – желдеткіш саңылау.

ӘОЖ **МСЖ 13.220.10** **П 77**

Негізгі сөздер: жылу сезетін өрт хабарлағышы, өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары, сынау тәсілі, өрт қауіпсіздігі

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ИЗВЕЩАТЕЛИ ПОЖАРНЫЕ ТЕПЛОВЫЕ
Технические требования пожарной безопасности. Методы испытаний

СТ РК 1188-2003

Издание официальное

Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан (Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН Республиканским Государственным казенным предприятием «Специальный научно-исследовательский центр пожарной безопасности и гражданской обороны» Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям

2 ВНЕСЕН Департаментом Государственной противопожарной службы Агентства Республики Казахстан по чрезвычайным ситуациям

3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 26 декабря 2003г. № 526.

4 Настоящий стандарт соответствует международным стандартам МЭК -839-1-3-88 «Системы тревожной сигнализации. Часть 1. Общие требования» и EN 54 - 2: 1989 «Составные элементы автоматических систем пожарной сигнализации. Контрольное и сигнальное оборудование» в части технических требований

5 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ 2008 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

6 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан

Содержание

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Определения и сокращения	2
4	Классификация	2
5	Технические требования пожарной безопасности	2
6	Методы испытаний	5
Приложение А	Технические характеристики пожарных извещателей	13
Приложение Б	Объём и последовательность сертификационных испытаний пожарных извещателей	16
Приложение В	Описание и конструктивная схема тепловой камеры для измерения времени и температуры срабатывания извещателей	17

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ИЗВЕЩАТЕЛИ ПОЖАРНЫЕ ТЕПЛОВЫЕ

Технические требования пожарной безопасности. Методы испытаний

Дата введения

1 Область применения

Настоящий стандарт распространяется на извещатели пожарные тепловые (далее по тексту - извещатели), предназначенные для работы в составе систем автоматических установок пожаротушения и пожарной сигнализации.

Настоящий стандарт устанавливает технические требования пожарной безопасности к извещателям и методы их испытаний.

Стандарт не распространяется на пожарные извещатели, предназначенные для объектов специального назначения.

Технические требования и методы испытаний пожарных извещателей, приведенные в настоящем стандарте, являются обязательными.

2 Нормативные ссылки

В настоящем стандарте использованы ссылки на следующие нормативные документы:

СТ РК 1166 - 2002 Техника пожарная. Классификация. Термины и определения.

СТ РК 1167 -2002 Пожарная автоматика. Классификация. Термины и определения.

СТ РК 1187-2003 Извещатели пожарные. Классификация. Общие технические требования. Методы испытаний.

ГОСТ 12997 Изделия ГСП. Общие технические условия.

ГОСТ 14254-96 (МЭК 529-76) Степени защиты, обеспечиваемые оболочками (код IP).

ГОСТ 28199-89 (МЭК 68-2-1-74) Основные методы испытаний на воздействие внешних факторов. Часть 2. Испытания. Испытание А: Холод.

ГОСТ 28200-89 (МЭК 68-2-2-74) Основные методы испытаний на воздействие внешних факторов. Часть 2. Испытания. Испытание В: Сухое тепло.

ГОСТ 28201-89 (МЭК 68-2-3-69) Основные методы испытаний на воздействие внешних факторов. Часть 2. Испытания. Испытание Са: Влажное тепло, постоянный режим.
